

Ерболат САУРЫҚОВ

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ МЕНГЕРІЛЕ БАЙЛАНЫСҚАН
ҮСТЕУЛІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРИ

Автор в статье анализирует управление наличия словосочетаний с глаголом, именем прилагательным, именем существительным и модальными словами.

Bu makalede fiil ve ekipleri içeren söz takamları, isim ve sıfat tanımlanalarındaki kelimeler arasında bağlanma özellikleri analize edilmiştir.

Сөздердің лексикалық табиғатында да, грамматикалық табиғатында да алуан түрлі жаңалықтар мен жаңару процестері үнемі жүріп жатады. Ол – ғасырлар бойы тіл дамуы мен қалыптасуында болып жататын жалғаспалы құбылыс. Соның бірі – сөздердің бір-бірімен тіркесуі. Сөз тіркесі кең ұғымда алғанда сөз таптаратының тіркесі. Ал сөз таптаратының барлығының тіркесу қабілеті бірдей бола бермейді. Кез келген сөз таптары бір-бірімен жүйесіз тіркеспейтіндігі мәлім. Олар өзара мағыналық байланыста болып, синтаксистік қатынаста, белгілі бір сөз тіркесінің құрамында ғана тіркесе алады. Басқа сөздермен мағыналық байланысып қатынасқа түссе алатын сөз таптары тіркесу қабілеті бар сөздер деп есептеледі.

Қазіргі түркі тіл біліміндегі менгеру – сөз тіркесіндегі бағыныңқы сөздің басыңдымен мағыналық үйлесімі негізінде септік жалғауларының (іліктен басқа) бірінде тұрып байланысуы. Менгерілетін сөз табыс, барыс, шығыс, жатыс, көмектес жалғауларының бірінде тұрады да, менгерген сөз етістік, есім не сол екеуінің ортақтасқан тобы болады [1. 34-35].

Тіл білімінде менгеріле байланысқан сөз тіркестері әрі теориялық, әрі практикалық жағынан жан-жақты зерттелініп, ғылыми тұрғыдан негізделіп, менгеру табиғатының мәселесі айқындала түсті. Алайда, тілдің эволюциялық даму барысында сөз тіркестері де өзгерістерге ұшырап, жаңа конструкциялар пайда болды. Осы тұрғыдан келгенде жалпы сөз тіркесінің, соның ішінде менгерудің табиғаты толық ашылып бітті деп кесіп айтуга болмайды. Олар үнемі даму үстінде болады.

Тілдегі менгеріле байланысу формалары да даму жағынан тіл тарихында өз орны бар, тілімізде түрлі қызметтер атқаратын сөз тіркестері. Тілімізде етістіктің менгеруі есімдерге қарағанда әлдеқайда көп, әрі өртеден келе жатқан тарихи құбылыс. Олар өз бастауын көне түркі жазба ескерткіштері тілінен алады. Ал есім менгеру – кейінгі кездің жемісі. Көне жазба ескерткіштер тілінде есімдердің септік жалғаулы сөздерді менгеруі кездеспейді. Алайда есімдердің бұл қасиеті бір күнде пайда бола қалған құбылыс емес, эволюциялық жолмен ғасырлар бойы бірте-бірте қалыптасқан құбылыс. Соңғы жылдары менгеріле байланысқан сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарлары мен басыңқы сыңарларының байланысу дәрежесіне

ТУРКОЛОГИЯ, № 3-4, 2010

қарай тіл білімінде менгеруді «берік және әлсіз менгеру» деп іштей бөліп қарастырып жүр. Бұл пікірді орыс тілінде Ф.И.Буслаев бастап, А.М.Пешковский оны әрі қарай терендесе, турік тілдерінде Н.К.Дмитриев бастап, М.Б.Балақаев, А.Н.Кононов, Г.К.Кулиев, Ә.Аблақов, С.Исаев және тағы басқа ғалымдар бұл пікірді нақтылай, айқындаі тусты.

Қазіргі түркі тіл білімінде, сондай-ақ соңғы жылдары аз да болса сөз болып жүрген мәселелердің бірі – үстеулердің менгеріле байланысқан сөз тіркестерінде жүмсалуы. Бұл процесс қазіргі тілімізде мол қолданысқа ие. Үстеулердің менгеріле байланысқан сөз тіркестерінде қолданылуын екі жақты қарастыруға болады. Біріншісі, үстеулердің басынқы сынарда келіп, басқа сөз таптарын менгеруі де, екіншісі – үстеулердің түрлі септік жалғауларын қабылдап басқа сөз таптарына менгерілуі. Қазіргі қазақ тілінде менгеру басынқы сынарына қарай етістікі менгеру, есімді менгеру және ортақ менгеру деп үш топқа бөлінеді. Қолымыздың деректер үстеулердің менгерудің осы үш түрінде де қолданылатынын көрсетеді. Алайда, олардың аталмыш менгерулерде қолданылу дәрежесі бірдей емес

Үстеудің етістікпен қабыса байланысатыны белгілі. Содан болар үстеулердің етістікке менгерілуі, қабысудың тасасында қалып, оған жете көңіл болінбей келеді. Олай дейтін себебіміз түркі, соның ішінде қазақ тіл білімінде де бұл құбылыс бірер ғалымдардың еңбектерінде ғана сөз болған. Мәселен, А.Н.Басқаков етістіктің үстеулерді менгеретінін көрсетеді: *bugutu anlamak icin dunu bilmek gerek* «чтобы понять сегодня, надо знать завтра», *sonraya bırakma* «откладывание на потом» [2. 66]. М.Балақаев «былтырдан білемін» деген тіркестегі үстеуді пысықтауыштық қатынаста мезгілдік мағынаны білдіретін етістікі менгеруге жатқызады [3. 50]. Бұл еңбектерде етістіктің үстеуді менгеруі жалпы сөз болғанмен, ол ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, теориялық жағынан ашылмаған. Қазіргі тілдік фактілер үстеудің менгеріле байланысуының біршама мол қолданысқа ие болғанын көрсетеді. Қолымыздың деректерді салыстыра отырып етістіктің үстеулерді әртурлі септіктерде (барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес) толықтауыштық та, пысықтауыштық та қатынаста менгерге беретінін байқадық. Үстеулердің септік жалғауын қабылдаудын мына нәрсені ескермесе болмайды. Ол септік жалғаулардың үстеу сөзжасамында алатын орны. Жоғарыда кейір үстеулердің жалпы кеңістік мағыналы септік жалғауларды қабылдап, жаңа мәнге, мағынага сөз жасайтынын айттық. Мәселен, «төмен кетті» деген сөз тіркесіндегі үстеу бағыттық мәнде қолданылса, сол сөз жатыс септігінің жалғауын қабылдап «төменде отыр» мекендік мағынага ие болады. Сондай-ақ қазір, бүтін дегендер нақты бір ғана мезгіл атаулары болса, олар да жатыс септігін қабылдап «қазірде, бүгінде» жалпылық, яғни «қазіргі уақытта», «бүтінгі күнде» деген мағынаны білдіріп, жаңа мәнге ие болып тұр. Бұл

Саурыков Е. Тұркі тілдеріндегі мәңгеріле байланысқан...

сөздерде септік жалғаудың негізгі қызметі еш сақталмаған. Бұлар септелеу парадигмасынан шығып кеткен сөздер. Соңдықтан атальмыш қосымшалар тарихи диахрониялық түрғыдан болмаса, синхрониялық түрғыдан септік жалғау ретінде бөлуге келмейді.

Көптеген ұстейлер табыс септігінде тұрып етістіктермен тек толықтауыштық қатынаста тіркеседі. Олар жай септік формасында да, тәуелді септеу формасында бірдей қолданыла береді. Мысалы: Қозыбақ саған ғана емес, талайды зарлатқан ұялас берілер ғой (М.Әуезов). Ел боламын десен өртөңіңді ойла (Етемен Қазақстан). – Қызыым-ау, қазақшаны қайдан үйренгенсің (М.Мақатаев). *Бүгінімді өткізсем* қындықпен, өртөңіме үмітпен алданамын (М.Мақатаев). Соншаны көріп, біліп келип, ішке тығып тастагандай едіңіз (М.Әуезов). Табыс септігінде етістіктермен мәңгеріле байланысатындар негізінде мезгіл, мөлшер және қымыл-сын ұстейлері. Соңдай-ақ кейбір жағдайда стильдік мақсатпен мекен ұстейлерінің де мәңгерілетіні байқалады: *Жоғарыны күндей көрме, Тәменгіні жүндей көрме* (Маржан сез). Ілгеріні болжайтын ой иесі болуға тиіс (Т.Иманбаев).

Барыс септігінде біршама ұстейлер етістікпен толықтауыштық қатынаста тіркесіп, қымыл процесінің кімге, неге арналғанын білдіреді: Сан жерде талайымызға болысып, Абай еткен жақсылықты айтамыз (М.Әуезов). *Бүгінізге келсек*, ірі мемлекеттік, саяси қайраткер деп мен Нұрсұлтан Назарбаевты айтар ем (Қазақ әдебиеті). Бұлардан *орысшага бүйрекі бұрып тұратын* «Рахат» арнасы да қалысқан жоқ, олар «Тәулік тынысы» атты қазақша хабарын күн сайын экранға шыгаруда (Қазақ елі). *Кешегіге негізделмеген* бүгіннің өртөңге ұласып баянды болуы қын (Заман-Қазақстан). Пысықтауыштық қатынаста тіркесіп бағыттық, мезгілдік мағына береді: Отарды тәменге айдау ма? (Қазақ әдебиеті). ... айырмасы - бұлар тәменнен жоғарыға көтеріледі (Р.Токтаров). Толықтауыштық қатынаста мезгіл, мөлшер және қымыл-сын ұстейлері, ал пысықтауыштық қатынаста негізінен мекен ұстейлері қолданылады. Кейде ұстейдің көптік жалғауды қабылдап заттанып барып барыс септігін қабылдауы да кездеседі.

Қазақ тіліндегі ұстейлер жатыс септігінде етістікпен жай септеу, тәуелді септеу формаларында, тек пысықтауыштық қатынаста тіркеседі. Жоғарыда айтылған жаңа сөздер де осы септікте жасалады. Бұл жатыс септігі мен ұстейдің мағыналық жақындағынан болса керек. Мысалы: Ертеңінде Мақсұттың жаназасын шыгаруга көп жұрт жиналып еді (М.Әуезов).

Ұстейлердің шығыс септігінде пысықтауыштық қатынаста тіркесіп мезгілдік, мекендік мағынаны білдіруі тілімізде жиі қолданылады: Еліміздің болашакта гүлденеуі бүгіннен басталады (Қазақ әдебиеті). Жоғарыдан құлаған тас бірте-бірте жиілей түсті (Қазақ әдебиеті). Талайдан көрген қысталалаңың бірі осы еді (М.Әуезов).

Толықтауыштық қатынаста көмектес септігінде тіркесken үстеулер құмылдың объектісі ретінде жұмсалады: *Талайлармен тартыстым, келіспедім* (Ә.Тәжібаев). Мың жасағыр алаштың бар тіршілігі *бугінмен шектеле ме?* (М.Магауин).

Түркі тіл білімінде есімді менгеру туралы алғашқы пікірлер З.И.Убрятова мен А.Н.Кононовтың енбектерінде кездеседі. Қазақ тілінде оған ерекше көңіл бөліп, терең зерттеп, әрі қарай дамытқан М.Балақаев пен А.Аблақов болды. Тілші М.Балақаев есімдердің есімдерді менгеруін, етістікті тіркестердегідей әрі мағыналық, әрі синтаксистік тығыз байланыс негізінде емес, әлсіз байланыс ынғайында пайда болады және мұндай тіркес жеке сөздің лексикалық мағынасынан тумайды, жалпы сөйлемнің мазмұнын, айтайын деген ойға, баяндауышқа жалғаулы есімдердің керек болуынан туады деп түсіндіреді [3. 34]. А.Аблақов байырғы түркі жазба ескерткіштер тілінде есімдер мен көмекші етістіктердің бірлескен тобы болмаса, есімдердің дара қалпында тұрып менгеруінің некен-саяқ болмаса, кездеспейтінін айтады. Есімдердің менгеруі тілдің даму тарихында кейінрек қалыптасқандығын айтып, оны даму тұрғысынан темендердегідей сатылада көрсетеді: ең алдымен етістіктің менгеруі, соның негізінде «ортак менгеру», ал ортақ менгерудің дамуынан барып есімдердің менгеруі қалыптасқан [4. 259]. Бұған себеп құрама баяндауыштар құрамындағы есімдердің баяндауыштық позицияда үздіксіз жиңі қолданылуымен байланысты, әрі негізгі лексикалық мағына осы есімдерге тән екедігіне байланысты екпін көмекші етістіктерге түспей, олардың алдындағы есімдерге түсүі. Міне, осымен байланысты көмекші етістіктің сөйлемді тиянақтарап тұру міндеті толығымен тіркес құрамындағы есімдерге қарай ауысады, нәтижесінде құрама баяндауыш құрамынан көмекші етістіктер түсіп қалып, есімдердің менгеруі қалыптасады. Бұл процесс ойды шұбалыңқы түрде бермей, жинақы, ықшам етіп берумен де тікелей байланысты [4. 261]. Қазіргі тіл білімінде есім сөздер баяндауыш қызметінде келгенде ғана менгереді деген пікір қалыптасқан, алайда тілімізде есім сөздердің сөйлемде анықтауыш, пысықтауыш болып келіп те менгеруі кездеседі. Бірақ мұндай тіркестер көп қолданыла бермейді.

М.Балақаев есімді менгерудің басыңқы сынары ретінде сын есімдер, зат есімдер, заттың құйын білдіретін есімдер (бар, жоқ, көп, аз, мәлім, бәрібір, мүмкін т.б.) жиңі жұмсалатынын, ал сан есімдер мен есімдіктердің аз да болса кездесетінін көрсетеді [3. 34-35]. А.Аблақов есімдердің ішінен сын есім, зат есім, үстеу, шылау және модальдық есімдердің менгерге алатынын көрсетеді [5. 27]. Галым есімді менгеруді басыңқы сынарына қарай төрт топқа жіктелді: сын есімді сөз тіркестері, зат есімді сөз тіркестері, модальдық есімді сөз тіркестері, сан есімді және есімдікте сөз тіркестері.

Есімдер сөздердің ішіндегі менгеруге қабілеті ете мол сөз табы – сын есімдер. Бұның себебі сын есімнің баяндауыштық қызметке бейімділігінен

Саурыков Е. Тұркі тілдеріндегі менгеріле байланысқан...

деп білеміз. Алайда олардың бәрі бірдей менгере бермейді. М.Балақаев баяндауыштық қызметке келіп, заттың ішкі-сыртқы сапасын білдіретін сын есімдердің есім менгерудің құрамында әлдеқайда көп кездесетінін көрсетеді: өзіне жақсы, маған түсінікті, сөзге сараң, жусаннан биік [3. 34]. Жалпы есім менгеру жайлы, соның ішінде сын есімнің менгеруі жайлы толық мәліметті А.Аблақовтың еңбегінен ала аламыз. Галым сын есімнің есімді менгерудің ішінде өте актив сөз табы екенін айта келіп, оның қандай сөз таптарын менгеру алатынына тоқталады. Соған орай ұстеулердің менгеруін біршама зерттейді де, мынадай тұжырым жасайды: «заттың өлшемдік сапасын білдіретін сын есімдермен, көмекші есімдер мен ұстеулердің де тіркесетін жайттары кездеседі [6. 48]. Сол сияқты ұстеулер сын есімдермен барыс септігінде тіркеседі: Әсірессе, орысшаға шорқақ (С.Мұқанов). Өзі қазақшаға судай (С.Мұқанов). Мұндағы ұстеу сын есіммен толықтауыштық қатынаста тіркесіп, кісінің бір нәрсеге бейімділігін немесе бейімсіздігін көрсетіп тұр.

Зат есімдердің ұстеулерді менгеруі сын есімдерге қарағанда аз кездеседі. Олар тек баяндауыштық қызметте келгенде ғана ұстеулерді менгере алады. А.Аблақов мезгіл мәнді ұстеулердің зат есімдермен жатыс және шығыс жалғауларында тұрып, менгеріле байланысатынын көрсетеді [6.127]. Біз олардың сонымен қатар барыс септігінде де тіркесетінін анықтадық. Ұстеулер зат есімдерге пысықтауыштық және толықтауыштық қатынастарда менгерілді. Мысалы: Өткеннің гибраты – ертеңге серік (Егемен Қазақстан). Қазақ тілінде модаль сөздердің сөз тіркесі құрамында басыңқы сыңар болып келуі өте мол кездесетін құбылыс екені белгелі. А.Аблақов модальдық есімдермен зат есімдер, есімдіктер, есімшелер, тұйық етістіктер, ұстеулер, субстантивтенген сан есімдер және сын есімдердің тіркесе алатынын көрсетеді [6.141]. Модаль сөздердің ұстеулерді менгеруі зат есімдер мен сын есімдерге қарағанда аз кездеседі. Мысалы: Бұрыннан мәлім, Наурыз – 22 наурыздагы күн мен түннің теңесуіне сәйкес келетін, ишігіс күнтізбесі бойынша жаңа жылдың алғашқы күні (Социалистік Қазақстан). Бүгінге қажет болмаса, ертеңге керек.

Қазақ тілінде ортақ менгеру бірден пайда бола қалған жоқ, ол тіл дамуы барысында, эволюциялық жолмен қалыптасты. Өйткені тіл тарихына теренірек назар аударсақ, қазіргі көмекші етістіктердің өздері ертеде толық лексикалық мағынасы бар етістіктер болған. Мұндай етістіктер мағыналық тұрғыдан өзімен орайлас, мәндес есімдермен іргелес байланысып, ғасырлар бойы үздіксіз қолданудың нәтижесінде лексикаланып, тек грамматикалық мағынамен шектеліп қалу дәрежесіне жеткен. Мағыналық жағынан осындағы өзгерістерге түскен етістіктер өзі тіркесіп тұрған сөзімен бірлесіп келіп сөйлемнің бір ғана мүшесін, яғни баяндауыш қызметін атқаратын болған. Осы тарихи процесс, біздіңше, есімдер мен көмекші етістіктердің бірлесіп келіп ортақ менгеруін туғызды [4.261].

Жоғарыда келтірілген пікірлер мен берілген мысалдардан үстеулердің қазіргі кезде етістікпен, сын есім, зат есім және модаль сөздермен мәнгеріле байланысқан тіркестерде көбірек жұмсалатынын байқаймыз. Бірақ, үстеулердің барлық сөз таптарымен мәнгеріле байланысу қабілеті бірдей емес. Үстеулер қымылды, әрекетті анықтайтын болғандықтан етістікті мәнгеуде жиі жұмсалады. Ал есімді мәнгеру мен ортақ мәнгеруде бұған қарағанда аз қолданылады. Мәнгеріле байланысу үстеулердің басты функциясы болмағандықтан, олар негізінен әлсіз мәнгеруде көп тіркеседі. Үстеулердің мұндай сөз тіркестерінде жұмсалу қабілетін оның жан-жақты дамып жетіле түсінен, қазіргі әдеби тілімізде қолданылу аясының кеңейгендігінен деп білеміз.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. *Аблаков А.* Қазіргі қазақ тіліндегі есімдер мен септеулік шылаулардың мәнгеруі // Тіл және әдебиет мәселелері. Аспиранттар мен ізденушілердің макалалар жинағы. – Алматы: 1965.
2. *Басқаков А.Н.* Словосочетания в современном турецком языке. –М.: Наука, 1974.
3. *Балақаев М., Қордабаев Т.* Қазіргі қазақ тілі. –Алматы: Мектеп, 1971.
4. *Аблаков А.* Словосочетания, образованные способом управления в казахском языке. Диссертация на соискание ученой степени доктора филологических наук. –Алматы, 1987.
5. *Аблаков А.* Қазіргі қазақ тіліндегі мәнгеріле байланысқан есімді сөз тіркестері. – Алматы: Қаз ССР Жоғарғы ин. орта арнаулы білім министрлігі, 1971.
6. *Аблаков А.* Қазіргі қазақ тіліндегі мәнгеріле байланысқан есімді сөз тіркестері. Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. –Алматы, 1965.

REZUME

E.SAURIKOV (Taraz)
MANAGING CASH PHRASES IN THE TURKIC LANGUAGES

The author of the article examines the management and considers the presence of phrases such as managed communications on the basis of phrase with a verb, adjectives, nouns and modal words.